Бекітемін.
ЖШС «Томирис» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
_____ Махамбетова Х.

Меңгеруші жанындағы кеңестің
№1 хаттамасы.

Қатысқандар: 12
1.09.2021 ж

Күн тәртібі:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы. Шолу тексерудің қорытындысы.
2. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық.
3. Мониторинг 2021 өзгешелігімен таныстыру.

1. Тыңдалды:
Балабақша меңгерушісі Махамбетова Х Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы Шолу тексерудің қорытындысына тоқталып өтті.
- Біздің мақсатымыз балаларды толыққанды дамыту – қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі болып табылады.

2. Тыңдалды:
Балабақша меңгерушісі Махамбетова Х Жалпы ата-аналар жиналысына тоқталып кетті:
Балабақшаның алдына қойылған міндеттердің бірі тәрбиелеу білім беру процесін нәтижелі болу үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыруды көздейді. Баланың дамыту тәрбиелеу мен оқыту процесіне ата-аналарды тартуымыз қажет.
Осы екі мәселеге сүйенсек:
- Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру
- Ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның қызметін тарту.

3. Тыңдалды :
Балабақша әдіскері Келесбаева Г Мониторинг 2021 өзгешеліктерімен таныстырып өтті:
Баланың даму динамикасын ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі.
Мониторинг мақсаты:
- Баланың жетістіктерін қадағалау;
- Баларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;
- Түзету шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;
- Баланың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау.

**Шешім:**

1. Шолу тексеру нәтижелерінде аталған басымдықтарды, талаптарды ескере отырып, толықтырулар жүргізу.
   Жауаптылар: Әдіскер Келесбаева Г, тәрбиешілер
2. Балаларды дамыту тірбиелеу мен оқыту процесіне ата-аналарды тарту мақсатында жалпы ата-аналар жиналысын шақыру.

Жауапты: Әдіскер Келесбаева Г

3. Балалардың жетістіктерін қадағалау тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету, баланың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру мақсатында кезеңдерімен жүргізу . Жауаптылар: Әдіскер Келесбаева Г.

Төрайым: Махамбетова Х.

Хатшы: Келесбаева Г.

Бекітемін:
ЖШС «Гомирис» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
_____ Махамбетова Х.

Меңгеруші жанындағы кеңестің
№2 хаттамасы.

Қатысқандар: 12
04.10.2021 ж

Күн тәртібі:

1 Өткен кеңестің кеңестің шешімдерін орындалу жөнінде
2 Топтарда «Жыл мезгілдеріне» арналған бұрыштар сапасы
3 «Алтын күз» ертеңгілігіне дайындық

1. Тыңдалды :

Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде музыка жетекшісі Халбаева А сөз алды. Алтын күз мерекесінде концерттік балалар мерекесіне сезінердей зал безендірілді, көкөністер мен жемістерден көрме ұйымдартырылды. Бағдарламасында әсем де молшылық белгісікүз мезгіліне сай әндер,билер сахналық қойылымдар билер болды. Сөйлегендер: Балабақша меңгерушісі Махамбетова Халима

топтарда Жыл мезгілдеріне арналған көрменің әдемілігін, тақырыбын, мазмұнын сапасын өтте жақсы деп бағалап өтті.

2. Тыңдалды: балабақша меңгерушісі Махамбетова Халима топтарда Жыл мезгілдеріне арналған бұрыштар сапасы тақырыбында өткен шолу тексеру қорытындысына баға беріп өтті: Балаларды тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту мақсатында, өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп – салдардық байланыстарды ажырату мақсатында, еңбекке баулу мақсатында топтарда табиғат бұрышы бар.

Шешім:

1. «Жыл мезгілдеріне арналған бұрыштар» сапасы тақырыбында өткен шолу тексеру қорытындысында берілген ұсыныстар түзетілсін.
   Жауаптылар: Тәрбиешілер
2. Қазан айында «Алтын күз» тақырыбында ертеңгілік өткізу жоспарланып, ұйымдастырылсын.

Жауаптылар: Әдіскер Келесбаева Г тәрбиешілер, музыка жетекшісі Халбаева А

Төрайымы: Махамбетова Х.

Хатшы: Келесбаева Г.

Бекітемін:
ЖШС «Томирис бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
Махамбетова Х.

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№3 хаттамасы.

Қатысқандар: 8

06.10.2021 ж

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерін талқылау
3. Бастапқы мониторинг нәтижесі.

1.Тыңдалды:

Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі Махамбетова Халима сөз алды:

Музыка жетекшісі Халбаева А концерттік бағдарлама жинақылығы, балаларды өнерге баулып , ерекшеліктері мен қабілеттерін ескеріп еңбегі үшін алғыс білдіріп, марапаттады.

2.Тыңдалды:

Бастапқы мониторинг нәтижесі жөнінде балабақша меңгерушісі Махамбетова Халима сөз алды: Баланың даму динамикасын туралы ақпарат алу үшін диагноситка негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілді

Мониторинг мақсаты:

- Баланың жетістіктерін қадағалау;
- Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;

Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша дамыту.

3.Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Махамбетова Халима балабақшада ұлттық мерекеміз Тәуелсіздік күніне орай Ашық есік күні өткізуді, тақырыпқа сай топ тәрбиешілері ұйымдастырылған іс-әрекеттерін, мерекелік концертік бағдарламасын құруды тапсырды.

4.Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Махамбетова Халима Тәуелсіздік күні, жаңа жыл мерекелері жоғарғы деңгейде өтті. Тәрбиешілерге жауапкершілікпен өткізді балаға жағдай жасады, қауіпсіздікті сақтады

Шешім:

1. 1 Шолу тексеру нәтижелерінде аталған басымдықтарды, талаптарды ескере отырып, толықтырулар жүргізу.
   Жауаптылар: Әдіскер Келесбаева Г, тәрбиешілер

Төрайым: Махамбетова Х.

Хатшы: Келесбаева Г

Бекітемін:
ЖШС Томирис бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
_____ Махамбетова Х

Меңгеруші жанындағы кеңестің
Хаттамасы № 4

Қатысқандар: 10
Күні: 03.01.2022

Күн тәртібі:

1. Суық тиюдің алдын алу жұмыстары.
2. Сегізінші Наурыз, Наурыз мерекелерін бағдарламасын бекіту
3. Балалардың күн тәртібіне сәйкес таза ауада болуы.

1.Тыңдалды:

Балабақша медбикесі Ережепова Динара суық тиюдің алдын алу жоспарымен таныстырды.Иә, суық тию бұл маусымдық ауру. Бұған проблемамен жыл сайын кездесетін болған соң, аса мән бермейміз. Шынында да, суық тиюден адам денсаулығына үлкен қауіп төнбейді. Бірақ, егер уақытылы ем алып, дәрігердің көмегіне жүгінбесеңіз, ойыннан от шығарып алу ықтималдылығыңыз жоғары.Асқынған вирустық инфекциялар ең қауіпті ауруларды тудыруы мүмкін. Мысалы, гипертермиялық синдром - өкпенің ісінуі. Бактериялық инфекциялардың әртүрлі органдарға енуіне байланысты олар, бронхит, пневмония, синусит, отит және тыныс алу жолдарының басқа да ауруларын тудыруы ықтимал. Ауру симптомдарын байқаған сәтте дәрігердің есігін қақпасаңыз, сіздің ағзаңыздағы жүрек пен бүйрек қақпасының есігін мәселелер қағуы мүмкін. Соның салдарынан, жүрек пен бүйрек зақымдалады.Суық тиюдің өзі қауіпті көрінбегенмен, ол асқынса басым бәлеге қалды дей беріңіз. Адамдар арасында суық тиюдің асқынған тұстағы кеңінен таралған ауру түрі - бактериялық инфекция. Бұл уақытта денеңіздегі иммундық жүйе вирусқа қарсы тұруға қауқарсыз болып қалады. Оған қоса, ішкі ағзаға үлкен зиян тиеді.

ЖРВИ-дің асқынуы салдарынан:

- пневмония (вирустық немесе бактериялық), бронхит;
- синусит, синусит (синустың іріңді қабынуы);
- отит (Ортаңғы құлақтың қабынуы);
- жүректің жұқпалы аурулары;
- шеміршек тінінің дегенеративті өзгерістері.

2. Тыңдалды:
Сегізінші наурыз, Наурыз мерекелерінің бағдарламасының мазмұны жөнінде музыка жетекшісі түсіндіріп өтті. Топтарда аналар мен әжелерге арналған

әндер, тақпақтар, ойындар мен қойылымдар жас ерекшелігіне қарай жоспарлануда. Дайындық жұмыстары жүргізілуде.

3. Тыңдалды:
   Балалардың күн тәртібіне сәйкес таза ауада болуы жедел тексеру қорытындысына тоқталып өтті.
   Балабақша педагогтардың басты міндеттерінің бірі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып күні бойы балалардың физикалық беслсенділігіне уақыт бөлінедіол қимыл белсенділігі дене шынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары) Жыл мезгілдерінің ауа-райы қолайлы күндер балалар күн тәртәбіне сай таз ауада болуы жүйелі жұмыс жүргізілсін деп ұсыныстар берілді.

Шешім:

1. Сегізінші наурыз аналар мерекесі 7 наурыз күні жоспар бойынша жауапкершілікпен атап өтілсін.
   Жауаптылар: тәрбиешілер, музыка жетекшісі.
2. Жыл мезгілдерінің ауа-райы қолайлы күндері балалар күн тәртібіне сай таза ауада болуы жүйелі жұмыс жүргізілсін.
   Жауаптылар: Әдіскер,тәрбиешілер.

Төрайым: Махамбетова Х.
Хатшы: Келесбаева Г